

"Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушысының 2011 жылғы 2 тамыздағы № 390 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 11 қыркүйектегі № 552 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 19 қыркүйекте № 15719 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 261 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 28.05.2025 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушысының 2011 жылғы 2 тамыздағы № 390 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7126 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2012 жылғы 5 маусымда № 292-297 (27371) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

56, 58 және 64-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаменті (А.Т. Бектұрова) заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға оның көшірмесін жіберуді;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 552 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
міндетін атқарушысының
2017 жылғы 2 тамыздағы
№ 393 бұйрығына
56-қосымша
№ 405 нысан

Мемлекеттік мекеменің атауы (орталықтандырылған бухгалтерия)

5 мемориалдық ордер _____ жыл

Жалақы мен шәкіртақы бойынша есептеу ведомостарының жиынтығы

	Шоттың/қосалқы шоттың дебеті	Шоттың/қосалқы шоттың кредиті	Сома, теңге
Есепті кезеңге жалақы, демалыс ақысы және сауықтыруға арналған жәрдемақы аударылды	7010	3241	
Пайдаланылмаған демалыс бойынша резерв есебінен өткен кезеңге демалыс ақылары аударылды	3246	3241	
...	8012	3241	
Шәкіртақы аударылды	7020	3230	
Уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақы аударылды	3244	3241	
Уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша аударылған әлеуметтік жәрдемақы сомасына әлеуметтік салықтың аударылған сомасын азайту	3122	3244	

қаражат түрлері, қызмет көрсетет ін мемлеке ттік мекемел ердің атауы				жиыны	ерекшел і к бойынш а	ерекшел і к бойынш а	жиыны	күндері	сома	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

жалғасы

Ұсталды							Ұсталға нның барлығы	Берілетін сума	Есептелген		
айдың бірінші жартысы на аванс	міндетті зейнетақылық жарналар	жеке табыс салығы	орындаушылық құжаттар бойынша	міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар	өзгелер				әлеуметтік салық шығару	әлеуметтік аударылым	міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударылым
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23

Орындаушы _____

лауазымы қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Бас бухгалтер _____

қолы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Ескерту: бірнеше есептесу-төлеу ведомостары жазылатын мемлекеттік мекемелерде, сондай-ақ орталық бухгалтерияларда бұл ведомостардың қорытындысы бойынша жиынтық есептесу ведомостары жасалады, мұның өзі жалақы жөніндегі мемориалдық ордер болып табылады, ол 3230 "Стипендианттарға қысқа мерзімдік кредиторлық берешек" және 3240 "Қызметкерлер алдындағы қысқа мерзімдік кредиторлық берешек" шоттары бойынша жүргізіледі. № 405 нысан бойынша жиынтық негізінде 5 мемориалдық ордерде 3121 "Жеке табыс салығы бойынша қысқа мерзімдік кредиторлық берешек" қосалқы шоты бойынша жеке табыс салығын ұстап қалу, 3152 "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шоты бойынша міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарды ұстап қалу, 3122 "Әлеуметтік салық бойынша қысқа мерзімдік кредиторлық берешек" қосалқы шоты бойынша әлеуметтік салықты есептеу, 3141 "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша қысқа мерзімдік кредиторлық берешек" қосалқы шоты бойынша, 3151 "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға

аударымдар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шоты бойынша міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға есептеуі ұстап қалу, 3142 "Азаматтар үшін үкімет" мемлекеттік корпорациясына төленетін зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шоты бойынша міндетті зейнетақы жарналарын, 3244 "Уақытша жұмысқа жарамсыздық жөніндегі әлеуметтік жәрдемақы бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімдік кредиторлық берешек" қосалқы бойынша уақытша жұмысқа жарамсыздық жөніндегі әлеуметтік жәрдемақыны есептеу және өзге де ұстап қалулар мен есептеулер жүргізіледі. Айдың аяғында қорытындылар шығарылды, олар № 308 "Бас журнал" нысаны бойынша кітапқа және талдамалы есеп тізілімдемесіне тиісті корреспонденцияда жазылады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 552 бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
міндетін атқарушысының
2017 жылғы 2 тамыздағы
№ 393 бұйрығына
58-қосымша
№ 417 нысан

Мемлекеттік мекеменің атауы (орталықтандырылған бухгалтерия)

_____ жылға карточка анықтама (Дербес шот)

Тегі, есімі, әкесінің аты (бар болса) _____

Туған жылы мен айы _____

ЖСН _____

Департамент, басқарма _____

Лауазымы _____

Санат, дәреже _____

Әскери (арнайы) атақ _____

			Есептелді						
--	--	--	-----------	--	--	--	--	--	--

р/н №	Айы	Жұмыс істеген күндер саны	лауазымды қ жалақысы	демалыс		сауықтыру үшін жәрде мақы	жарамсыздық парағы		үстемеақы		қосымша төлем		Есепте елген ің барлы ғы
				күнде рі	сома		күнде рі	сома					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
...													
	Барлы ғы												

жалғасы

Ұсталды						Ұсталға н-ның барлығы	Аударылды			
міндетті зейнетақы жарналар	жеке табыс салығы	орындау шылық құжаттар бойынша	міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар	өзгелер			ағымдағы шотқа	әлеуметтік салық шығару	әлеуметтік аударылым	міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударылым
15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25

№ 417-нысанның сырт жағы

Демалыс бойынша ақпарат

Бұйрық шығарылған күні мен нөмірі	Демалыс түрі	Қ а й кезеңге	Демалыс күндерінің саны		Кеткен күні	Демалыстың басталған күні	Демалыстың аяқталған күні	Ескерту
			негізгі	қосымша				
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Ескерту: жұмыс істеушінің өткен кезеңдердегі жалақысы туралы деректерді алу үшін 3240 "Қызметкерлер алдындағы қысқа мерзімдік кредиторлық берешек" шоты бойынша № 417-нысанды карточка-анықтама (Жеке шот) жүргізіледі. № 417-нысанды карточка-анықтама (Жеке шот) әрбір жұмыс істеушіге жыл сайын ашылады. № 417-нысанды карточка-анықтамада (Жеке шот) жұмыскер туралы барлық деректер: айына жұмыс істеген күндері, демалыс және жұмысқа жарамсыздық парағы күндерінің саны, түрлері бойынша аударымдар (лауазымдық жалақы, демалыс ақысы, уақытша жұмысқа жарамсыздық бойынша, үстемеақы және қосымша ақы), ұсталымдардың сомасы мен атауы (міндетті зейнетақы аударымдары, жеке табыс салығы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар және өзге ұсталымдар), сондай-ақ әлеуметтік сақтандыру әлеуметтік салық және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударылым ай сайынғы сомасы көрсетіледі. № 417-нысанды анықтаманың сырт жағында

демалысқа байланысты бұйрықтың нөмірі мен күні, демалыс күндерінің саны, демалысқа кеткен күні, демалыстың басталу және аяқталу күні, қандай кезеңге және демалыс түрі туралы толық ақпарат көрсетілген.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 11 қыркүйектегі
№ 552 бұйрығына
3-қосымша
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
міндетін атқарушысының
2017 жылғы 2 тамыздағы
№ 393 бұйрығына
64-қосымша
№ 451 нысан

Мемлекеттік мекеменің атауы (орталықтандырылған бухгалтерия)
_____ міндетті зейнетақы жарналарының
№ _____ есепке алу карточкасы
Тегі, есімі, әкесінің аты (бар болса) _____

ЖСН _____

Жылдың басындағы сальдо		теңге		тиын
Айы	Айдың басындағы сальдо	Айда ұсталды	Аударылды (төлеуге берілетін шоттың нөмірі, күні)	Айдың аяғындағы сальдо
...				
Барлығы				

Жылдың соңындағы сальдо _____ теңге _____ тиын

Мемлекеттік мекеменің басшысы _____
_____ қолы (тегі, есімі, әкесінің аты (бар болса))

М.О.

Бас бухгалтер _____
_____ қолы (тегі, есімі, әкесінің аты (бар болса))

Ескерту: жеке тұлғаның (мемлекеттік мекеме қызметкерінің) ұсталған және аударылған зейнетақы жарналары туралы толық ақпарат алу үшін 3142 "Азаматтар үшін үкіме" мемлекеттік корпорациясына төленетін зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шоты жөніндегі № 45 нысан бойынша карточка жүргізіледі. № 451 нысан карточкасы ай сайын жүргізіледі, есепті жылдың соңында барлық бағандар бойынша жиыны

есептеледі және есепті жылдың соңына сальдо шығарылады. Жаңа жылы № 451 нысан бойынша жаңа карточканы ашу жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК